



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2025 жылғы 1 қаңтарға сыртқы борышты алдын ала бағалау туралы

Астана қ.

2025 жыл, 11 ақпан

Қазақстан Ұлттық Банкі 2025 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша деректерді жариялаудан бастап Қазақстан Республикасының сыртқы борышын алдын ала бағалауды жариялауға кіріседі.

Сыртқы борыш белгілі уақыттағы өтелмеген резиденттердің бейрезиденттер алдындағы негізгі борышты және/немесе пайызды төлеуді талап ететін нақты және сөзсіз міндеттемелерін білдіреді.

Бұған дейін Қазақстан Ұлттық Банкі [Статистикалық ақпараттың шығу кестесіне](#) сәйкес есепті тоқсан аяқталғаннан кейін 90-күні сыртқы борыш бойынша есепті деректерді жариялаған болатын. Енді оған қосымша [ҚР сыртқы борышын алдын ала бағалау](#) жарияланатын болады.

Мұндай жарияланымдар **тоқсан сайын** есепті тоқсаннан кейінгі айдың соңғы күнінде, тиісті кезең үшін төлем балансын алдын ала бағалау туралы ақпарат шығарумен бір мезгілде жүзеге асырылады.

Қазақстан Ұлттық Банкі жарияланатын статистикалық және талдамалық ақпарат көлемін кеңейту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіп келеді. Бұл жарияланым елдің сыртқы сектордағы позициясын неғұрлым уақытылы баға беруге мүмкіндік береді және мемлекеттік органдарға, сарапшыларға, зерттеушілерге, рейтингтік агенттіктерге пайдалы болады.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

+7 (7172) 77-52-10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz